

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 480 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 196 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	18 сәуірдегі
№ 480 қаулысымен	
бекітілген	

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленген, Каспий теңізінің

қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді (бұдан әрі – ФЭЗ) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейді.

Қағидалар әрекетінің аумақтық шекаралары Каспий теңізінің қазақстандық секторының (су бетінің айнасы) барлық акваториясына қолданылады. Қағидалардың қолданылу аймағына Каспий теңізінің қазақстандық секторына құятын өзендердің сағалық учаскелері, мүйістер, шығанақтар мен теңіз портының акваториясы қамтылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бентос – тіршілігінің барлық немесе көп бөлігін мұхит және континенттік су айдындарының түбінде, оның топырағында және топырақта қозғалып және отырып та өмір сүретін ағзалардың жиынтығы;

2) зоопланктон – планктонның жануар түріндегі нысаны;

3) су түбінің шөгінділері – тұрақты, қозғалатын су объектісінің түбінде жүзінділерден бөліну нәтижесінде тұндырылған қатты материал;

4) теңіз ортасының компоненттері – атмосфералық ауа, теңіз суы, су түбі шөгінділері, теңіз флорасы мен фаунасы;

5) теңіз ортасы – қоршаған ортаның физикалық, геологиялық, химиялық және биологиялық факторларының теңіз акваториясының үстінде су қабатымен және әуе кеңістігімен шектелген байланысы;

6) фитопланктон – теңіз және тұщы су айдындарының су қабатында орналасатын және ағынмен пассивті орын ауыстыратын өсімдік ағзаларының жиынтығы;

7) сапробтық деңгей – су айдындарының органикалық заттармен ластану дәрежесінің сипаттамасы, онда тіршілік ететін сапробионтты ағзалардың түрлік құрамымен анықталады;

8) сапробионтты ағзалар – су құрамында аздаған еріген оттегі бар органикалық заттармен қатты ластанған су айдындарында тіршілік ететін су ағзалары;

9) ФЭЗ станциясы – қоршаған ортаның метеорологиялық, гидрологиялық, химиялық, физикалық және биологиялық сипаттамаларын анықтау үшін сынамаларды қадағалау/өлшеу/іріктеу жүргізілетін географиялық координаттарымен белгіленген стационарлық пункт;

10) теңіз ортасын фондық экологиялық зерттеу – табиғат пайдаланушы қызметінің басталуына дейін келісімшарттық аумақтың (жобаның аумағы) аумағындағы теңіз ортасының бастапқы жай-күйіне арнайы зерттеулер жүргізу.

3. ФЭЗ табиғат пайдаланушының жобалау алдында және жобалық қызметі кезеңінде мұнай-газ кен орнына ие болу құқығын ресімдеу сәтінен бастап, (лицензия немесе табиғат пайдалануға келісімшарттар) мұнай операциялары

басталғанға дейін жүргізіледі.

4. Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы келісімшарттық (лицензиялық) аумақтағы ФЭЗ бір уақытта барлық лицензиялық блок/келісімшарттық нақты мұнай-газ кен орны (құрылымы) бойынша теңіз ортасының бастапқы жай-күйіне және аумақ мұнай операцияларының кезеңін есепке ала отырып, жекелеген өндірістік объектілерінде (учаскелерінде) зерттеулер жүргізуді қамтиды.

5. ФЭЗ бағдарламасын табиғат пайдаланушылар әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган келіседі.

6. ФЭЗ бағдарламасында:

1) теңіз ортасының зерттелетін компоненттері (атмосфералық ауа, теңіз суы, су түбі шөгінділері, бентос, фитопланктон, су өсімдіктері, ихтиофауна, орнитофауна, итбалықтар);

2) теңіз ортасының әрбір компонент бойынша бақыланатын параметрлердің тізбесі;

3) бақылаудың кезеңділігі және ұзақтығы;

4) бақылау станцияларын кеңістікте олардың координаттары мен орналасқан жерін карта-схемада көрсете отырып орналасуы;

5) барлық бақылау түрлерін жүргізу әдістемесі, ФЭЗ нормативтік-техникалық, әдістемелік және метрологиялық қамтамасыз ету;

6) есептерді дайындау мерзімдері мен есеп түрлері белгіленеді.

7. Каспий теңізінің қазақстандық секторында қоршаған ортаға ФЭЗ-ді табиғат пайдаланушы жеке, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша басқа табиғат пайдаланушылармен бірлесіп жүзеге асырады.

2. Каспий теңізінің қазақстандық секторында фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру тәртібі

8. ФЭЗ-ді Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханалар жүзеге асырады.

ФЭЗ бойынша есептік материалдар табиғат пайдаланушыларға шарттық міндеттемелерге сәйкес ұсынылады.

9. Каспий теңізінің қазақстандық секторында ФЭЗ фондық экологиялық станцияларда (бұдан әрі – ФЭЗ станциялары) жүзеге асырылады. ФЭЗ станцияларын орналастыру схемалары:

1) нүктелік және алаңдық объектілерге арналған бірінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары: айналма, крест тәрізді, ромб тәрізді болуы мүмкін. ФЭЗ

станциялары нүктелік (алаңдық) объектіден мынадай қашықтықтарда орналасады: 250 м, 500 м, 1000 м, 1500 м және одан әрі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес схема бойынша әсер ету шекараларына дейін;

2) екінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары арасындағы арақашықтық 2-5 км аспауы тиіс. Кен орны алаңының көлемі 20 шаршы км дейін (құрылым) болған кезде ФЭЗ станцияларының арасындағы арақашықтық 2 км аспауы тиіс (2 шаршы км кемінде 3 станция). Кен орнының алаңы 20-дан 500 шаршы км болған кезде ФЭЗ станциялары жүйелі тор бойынша бір-бірінен 5 км қашықтықта орналасуы (10 шаршы км 1 станция) керек. Кен орнының алаңы 500 шаршы км асса, ФЭЗ станциялары жүйелі тор бойынша 10 км қашықтыққа дейін (20 шаршы км кемінде 1 станция) орналасады.

3) екінші деңгейдегі ФЭЗ станцияларының орналасуы үшінші деңгейдегі станциялардың орналасуын есепке ала отырып, жүзеге асырылады. Бұл ретте үшінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары кемінде бір нүктесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес схема бойынша екінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары нүктелерінің торына кіруі керек;

4) үшінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары арасындағы арақашықтық осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес схема бойынша 20 км кем болмауы тиіс (50 шаршы км кемінде 1 станция);

10. Жобаланатын желілік объектілерде (көмірсутегілер мен мұнай өнімдерін тасымалдау құбырлары, теңіз трассалары) ФЭЗ (трассада оңға және солға 500 м орналасқан кемінде 3 ФЭЗ станциялары) перпендикуляр профилінде жүргізіледі; профилдер жобаланатын құбырлар трассаларында 10 км сайын, теңіз трассаларында 50 км сайын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес схема бойынша орналастырылады.

11. Атмосфералық ауаның ФЭЗ жүргізу кезінде сол жерде сынамаларды іріктеу немесе өлшеу алып жүретін аспаптармен шеткі және үшінші деңгейдегі ФЭЗ-дің орталық станцияларының бірінде (кемінде 5 станцияда) жүргізіледі.

3. Каспий теңізінің қазақстандық секторында фондық экологиялық зерттеулерді жүргізу тәртібі

12. Каспий теңізінің қазақстандық секторында ФЭЗ қоршаған ортаның компоненттерінің бастапқы жай-күйін бағалауды қамтиды: атмосфералық ауаны, теңіз суын, су түбі шөгінділерін, бентосты, фитопланктонды, зоопланктонды, су өсімдіктерін, ихтиофауналарды, орнитофауналарды, итбалықтарды метеорологиялық бақылау.

1) метеорологиялық параметрлер

Бақылау желдің бағыты мен жылдамдығына, ауа температурасына, ауа

райының жай-күйіне (атмосфералық қысым, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын) жүргізіледі.

Бақылау кезеңділігі: күн сайын 3 рет.
2) атмосфералық ауа

Бақылау күкірт қос тотығына, азоттың тотығына және қос тотығына, көміртегі тотығына, көмірсутегілерге, күкіртті сутегіне жүргізіледі.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін жылына 2 рет (көктем, күз).

3) теңіз сулары

Гидрологиялық және гидрофизикалық параметрлер: су температурасы, тұздылығы, электр өткізгіштігі, мөлдірлігі, тереңдігі, лайлығы, толқынның биіктігі мен бағыты, басқа да бақылаулар (теңіз жұмыстары кезінде және т.б. су бетінің шаңдануы; жоғары лайлылық, көбіктің болуы, өлі организмдер (өсімдік/балық) және т.б.), теңіз ағыстарының жылдамдығын өлшеу.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

Гидрохимиялық параметрлер: сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, БПК₅, ОХТ (оттегіні химиялық тұтыну), аммоний азоты, жалпы азот, азот нитраты, азот нитриті, жалпы фосфор.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

Теңіз суының сапасы: көмірсутегінің жалпы шоғырлануы, полиаромат көмірсутегілер, синтетикалық беткі активті заттар (анионды беткі активті заттар), фенолдар, ауыр металдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn);

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

4) су түбі шөгінділері

Гранулометрлік құрамы, тотықтырғыш - қалпына келтіргіш әлеует (Eh), 1 және 4 см тереңдіктегі су түбі шөгінділерінің температурасы, органикалық көміртегінің құрамы, ауыр металдар (Al, As, Ba, Cd, Cr, Cu, Fe, Hg, Ni, Pb, V, Zn), фенолдар, көмірсутегінің жалпы шоғырлануы, полиаромат көмірсутегілер енгізіледі.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған

акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

Микробиологиялық бақылаулар: микроорганизмдердің жалпы саны, сопрофиттердің, актиномицеттер мен саңырауқұлақтардың саны, микроорганизмдер биомассасы, мұнайды тотықтыратын микроорганизмдер.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

5) б е н т о с

Организмдердің жалпы саны, түр құрамы, түрлердің саны және тізімі, жалпы биомассасы, түрлердің саны және биомассасы (зообентостың сандық басым түрлерінің құрамы) бойынша үстем негізгі топтар мен түрлердің саны.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

6) ф и т о п л а н к т о н

Фитопланктон жасаушаларының жалпы саны, жалпы биомассасы, түр құрамы, түрлердің саны және тізімі, сапробтық деңгейі.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

7) з о о п л а н к т о н

Организмдердің жалпы саны, түр құрамы, түрлердің саны және тізімі, жалпы биомассасы, сапробтық деңгейі, негізгі топтардың саны және түрлері, негізгі топтар және түрлер биомассасы.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

8) с у ө с і м д і к т е р і

Қоғамдастықтың флористикалық құрамы, қоғамдастықтардағы түрлердің таралу пайызы, су түбі шөгінділерін өсімдіктермен жобаланған пайыздық жамылғысы, өсімдіктердің құрылымы (тігінен, көлденеңінен), өсімдіктердің өзгеру дәрежесі.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

9) и х т и о ф а у н а

Ихтиологиялық зерттеулер бойынша балық аулары қондырғылары қойылған ФЭЗ станцияларының саны ФЭЗ станцияларының жалпы санының 30% кем емес, ал тралдықтың қондырғылары кемінде 50% болуы қажет.

Барлық балықтардың түрлеріне: ауланатын балық түрлері, аулау жабдықтарымен және ауланатын балықтардың түрлі құрамы, балықтардың сирек түрлерінің болуы, өлшемдік құрылымы енгізіледі. Балықтардың нысаналы түрлеріне (жергілікті ихтиологиялық қоғамдастықтардың көптеген, тұрақты өкілдері) балықтардың жеке биологиялық сипаттамасы (Q-дененің жалпы массасы, q-ішек-қарынсыз дене массасы, L-балықтың жалпы ұзындығы, J-құйрық жүзу қанатынсыз балықтың ұзындығы, жынысы, жас шамасы, жетілу сатысы); жетілудің IV сатысында аналығын ұстау кезінде абсолютті жеке өсімталдығымен анықталады, сызықты өсу екпіні, түрдің типтік морфологиялық әлпетінен ауытқуларының (кемтарлықтар) болуы енгізіледі, сыртқы паразиттердің болуы, оларды оқшаулау және саны (тек қана жай көзбен көрінетін паразиттер екенін есепке алу керек); қуыс паразиттерінің болуы, олардың саны мен салмағы.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында - климаттық маусымдар бойынша жылына 4 рет; қалған акваториялар үшін - жылына 2 рет (көктем, күз).

10) орнитофауна

Түр құрамы, саны, тұратын орнының сипаттамасы мен зерттелетін аумақта орналастыру ерекшелігі; осы көрсеткіштердің маусымдық және көпжылдық көрсеткіштер динамикасы.

Бақылау кезеңділігі: жыл сайын үш рет - көктемгі және күзгі көшу кезеңінде және ұя салу кезеңінде (ұшу кезеңінің басында, ортасында және соңында), түрлердің ұя салуының ең белсенді уақытында көбею кезеңінде (мамырдың екінші жартысы).

11) итбалықтар

Жыныстық-жас шамасының құрамы, саны, тұратын орнының сипаттамасы мен бақыланатын аумақта орналастыру ерекшелігі; табиғи және жасанды факторлардың әсерімен (техногендік) бұл көрсеткіштердің маусымдық және көпжылдық динамикасы. ФЭЗ орындайтын кемелердің бағыттарындағы жылдың барлық маусымдарында итбалықтардың (кездесулер) қонысы, олардың саны, тұруы мен жүру сипаты, фото-бейне түсірулер жүргізу GPS көмегі арқылы белгіленеді.

Бақылау кезеңділігі: Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына - қысқы және көктемгі кезеңде; қалған акваториялар үшін - күзгі кезеңде.

13. ФЭЗ бойынша есептік материалдар:

ФЭЗ бойынша мыналар дайындалады:

- 1) компания (мердігер) теңізде жұмыс істеу кезінде күн сайын жүзеге асырылатын әрекеттер тіркелетін күн сайынғы есептер;
- 2) атқарылған жұмыстың ортақ сипаттамалары бар далалық есептер, ФЭЗ

бағдарламасының ауытқу тізбесі және бұл ауытқулардың себептері, қауіпсіздік техникасының талаптарын орындау және табиғат пайдаланушыға дала (экспедициялық) жұмыстары аяқталғаннан кейін 10-15 күн ішінде беріледі;


3) теңізде өткізілген бақылау нәтижелерінің және іріктелген сынамаларға зертханалық талдау негізінде жылдық есептер, олар табиғат пайдаланушыға есепті жыл аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде ұсынылады.

Бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесіне ақпараттар ұсыну қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторында
мұнай операцияларын жүргізу кезінде
фондық экологиялық зерттеулерді
ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына
1-қосымша


Бірінші деңгейдегі ФЭЗ станцияларын нүктелік және алаңдық объектілерге орналастыру схемасы

(ФЭЗ станциялары арасындағы қашықтық а) және с) нұсқалары үшін әрбір азимут (сәуле) бойынша 250 м, 500 м, 1000 м, 1500 м құрауы керек; в) нұсқасы үшін - өнеркәсіптік (антропогенді) объектіден мониторингтің бірінші станциясына дейінгі қашықтық (ФЭЗ станцияларының келесі қатары 250 немесе 500 м қашықтықта орналасады) 250 м аспауы тиіс



Каспий теңізінің қазақстандық секторында
мұнай операцияларын жүргізу кезінде
фондық экологиялық зерттеулерді
ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Блоктар және кен орындарындағы (құрылымдардағы) ФЭЗ станцияларын орналастыру схемасы



Шартты белгілер:



- Келісімшарт аумағындағы үшінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары. Жүйелі тордағы станцияларының арасындағы қашықтық 20 км аспайды.




- Теңіздегі кен орны (мұнай, газ немесе басқалар) шекарасының контуры және - екінші деңгейдегі ФЭЗ станциялары (кен орнында).



- Айналасында бірінші деңгейіндегі ФЭЗ станцияларында (осы Қағидаларға 1-қосыл өндірістік экологиялық мониторинг іске асыратын алаңдық немесе нүктелік объекті (бұрқандырғысы, жасанды арал және т.б.).

Каспий теңізінің қазақстандық секторында
мұнай операцияларын жүргізу кезінде
фондық экологиялық зерттеулерді
ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына
3-қосымша

**Бірінші деңгейдің ФЭЗ станцияларын желілік объектілерде
орналастыру схемасы (құбырлар – профилдер 10 км сайын, мұнай
өнімдері көлігінің кеме жүретін трассалары - профилдері 20 км
сайын)**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК